## "Тасбөгет кенті көшелеріне жаңадан атау беру туралы" Тасбөгет кенті әкімінің 2010 жылғы 11 қазандағы N 677 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда қаласы Тасбөгет кенті әкімінің 2012 жылғы 03 сәуірдегі N 937 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қызылорда қалалық Әділет басқармасында 2012 жылы 04 мамырда N 10-1-211 тіркелді

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес **ШЕШЕМІН:**

1. "Тасбөгет кенті көшелеріне жаңадан атау беру туралы" Тасбөгет кенті әкімінің 2010 жылғы 11 қазандағы N 677 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 11 карашадағы N 10-1-153 болып тіркелген, "Ақмешіт ақшамы" газетінде 2010 жылғы 19 караша N 49 санымен жарияланған) өзгерістер енгізілсін.

Тасбөгет кенті әкімінің 2010 жылғы 11 қазандағы N 677 шешімінің кіріспе бөлігі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңдары, Қызылорда қалалық ономастикалық комиссиясының 2010 жылғы 20 шілдедегі N 6/3 және 2010 жылғы 2 кыркүйектегі N 7/1 ұйғарымдары негізінде **ШЕШЕМІН:**".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау кент әкімінің орынбасары Ж. Байхадамовқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*ӘКІМ Ә. ҚҰТМАМБЕТОВ*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК